

Дуламбаева Р.Т.,
Аликбаева А.Б.,
Шуренов Н.Б.

Кәсіпорындардың тауар қозғалысы логистикасында кездесетін тәуекелдер мен оларды шешу жолдары

Қазіргі бизнестің айтарлықтай қарқынды дамуына байланысты, тауар және ақпараттық ағымдар логистикасы бизнес талаптарына сай көптеген өзгерістерге ұшырауда. Алдыңғы қатарлы фирмалардағы логистиканың дәстүрлі функционалды салалары стратегиялық инновациялық (жаңартпа) жүйе құра отырып, жалпы ақпараттық-компьютерлік платформа негізінде бірікті. Логистика саласындағы қызмет көп қырлы. Оған көлікті, қойма шаруашылығын, қорларды, кадрларды басқару, ақпаратты жүйелердің ұйымдастырылуы, коммерциялық қызмет және т.б. жатады.

Бұл мақалада ақпараттар мен тауар ағымдарының қозғалыс процесін тиімді ету жолдары мен қозғалыс үрдісі кезінде туындайтын тәуекелдер, оларды шешу мүмкіндіктері, логистиканың қызметін арттыру жолдары теориялық тұрғысынан қарастырылады. Яғни, ең басты тәуекелдердің туындауы мәмілелерді жасау кезінен бастап, келісім-шартты орындау барысында айқындалады, кез келген кәсіпорынның осындай тәуекелдердің болмауына мұқият назар аударуын талап етеді.

Түйін сөздер: тауар қозғалысы логистикасы, келісім-шарт, тәуекел.

Dulambaeva R.T.,
Alikbayeva A.B.,
Shurenov N.B.

Risks arising in the logistics of product distribution companies and solutions

According to the business requirements of goods and subject of logistics information flow many changes, due to the rapid development of this business. Traditionally, advanced functional areas of logistics companies to form strategic innovation system, united around a common information and computer platform. Activities in the field of logistics diverse. This includes transport, warehouses, foundations, in controlling personnel, the organization of information systems, commercial activity etc.

In this article, from a theoretical point of view of logistics discussed ways to optimize information and commodity flows and risks arising in the course of their movement, their possible solutions, ways to improve the logistics activities. That is, since the emergence of the risk transactions in the course of the contract, any enterprise becomes clear that you want to pay careful attention to the absence of such risks.

Key words: logistics of product distribution, contract, risks.

Дуламбаева Р.Т.,
Аликбаева А.Б.,
Шуренов Н.Б.

Риски, возникающие в логистике товародвижения предприятий, и пути их решения

Согласно требованиям бизнеса товары и логистика информационных потоков подвергаются многим изменениям в связи со стремительным развитием нынешнего бизнеса. Традиционно-функциональные сферы логистики передовых фирм, образуя стратегическую инновационную систему, объединились на основе общей информационно-компьютерной платформы. Деятельность в сфере логистики многообразна. К ней относятся транспорт, склады, фонды, управление кадрами, организация информационных систем, коммерческая деятельность и т.п.

В данной статье с теоретической точки зрения логистики рассматриваются пути оптимизации информационно-товарных потоков и риски, возникающие в процессе их движения, возможности их решения, пути повышения логистической деятельности. То есть, с момента возникновения рисков сделок, в ходе исполнения контракта, любого предприятия становится ясным, что требуется обратить особое внимание на отсутствие таких рисков.

Ключевые слова: логистика товародвижения, договор, риски.

**КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ
ТАУАР ҚОЗҒАЛЫСЫ
ЛОГИСТИКАСЫНДА
КЕЗДЕСЕТІН
ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН
ОЛАРДЫ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ**

Кіріспе

Қазіргі бизнес айтарлықтай қарқынды дамуда, сондықтанда тауар және ақпараттық ағымдар логистикасы бизнес талаптарына сай өзгеру үстінде. Логистика компанияның шеңберінен шығып, жүйелі тәсілдермен шешімін таба алатын көптеген сыртқы бизнес-үрдістерінің арасындағы материалды және ақпараттық қозғалыстарының координациясының күрделі басқарушылық және стратегиялық шешімдерін шешуге қатысуда. Логистика өз қызығушылығын қорғауды қамтамасыз ету үшін ең басынан, яғни келісім шарттарын келісу мен мәмілелер жобасын жасаудан бастап қалыптасуы қажет.

Экспериментальді бөлім

Тауар қозғалысы логистикасының түсінігінің теориялық қалыптасуы көптеген ғылымдардың еңбектерінде қарастырылған, олар М.П. Гордон, С.Б. Карнаухов, А.М. Гаджинский, В.В. Волгин және т.б.

Жалпы тауар қозғалысы логистикасы жүйесіндегі келісім-шарттарды жасау және оны жүзеге асыруда кездесетін тәуекелдерді анықтау және олардың алдын алудың әдістемелік талдаулары шет елдік (Ресей) және отандық зерттеушілердің қалыптастырған теориялық түсініктеріне негізделіп қалыптастырылған.

Талқылау мен нәтижелер

Логистикадағы күтпеген және күтілетін тәуекелдерге ден қоюдың екі деңгейін қарастыруға болады: тәуекелге жылдам пікір даярлау мен логистикалық тізбектегі тәуекелдерге құрылымдық даярлығы.

Тәуекелге жылдам даярлыққа келесілерді жатқызуға болады:

– негізгі компоненттер мен материалдарды жеткізуде қауіп туындаған жағдайда қамтамасыз ететін резервтердің тауарлы-материалды қорларының деңгейін арттыру;

– қалыпты бағыттағы логистикалық ақаулардың бар болуы күтілген кезде жүк тасымалдау бағыттарын өзгерту;

– жеткізушілердің қайталануы;

– өнім берушіні (жабдықтаушыны) таңдау және оны рационалдау бойынша шаралары.

Тәуекелдерді басқару әртүрлі географиялық нүктелерде орналасқан альтернативті жабдықтаушының болуымен түсіндіріледі. Мысалы, барлық автокомпаниялар мен ірі электронды құрал-жабдықтарды өндірушілердің барлық маңызды компоненттері бойынша қосымша немесе параллельді жабдықтаушылары бар, бұл үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін қалыптастырылған шаралар жобасы болып саналады.

Тәуекелге құрылымдық даярлыққа логистикалық тізбекті басқару бойынша арнайы бөлімшелерді қамтамасыз етуге дайын болуы керек, олардың міндеттері:

– тәуекел хаттамалары мен күтпеген жағдайларға байланысты шаралар жоспарын құру;

– келісім аудитін құру және олардың орындалуын жүзеге асыру;

– персоналдар мен басқарушылардың даярлығын жүргізу;

– тәуекелдердің ерекшелігі мен оларға даярлығы туралы есеп жасау.

Тәуекелдерді басқарудың үздіксіз үрдісі әрбір серіктестермен келісімдерін бірінші стратегиялық, содан кейін басқарушылық тұрғысынан мұқият пысықтауды талап етеді.

Стратегиялық міндеттер тауар қозғалысына мемлекеттік шекаралар кедергі тудырмауын ескере отырып, логистика мен жүйенің ұзақ мерзімді құрылымдалуы туралы перспективалық жүйелік шешімді талап етеді.

Басқарушылық міндеттер жалпы бизнес-жоспар шеңберіндегі тауарлар мен қызметтерді жеткізу немесе сатып алу, өндіріс, тасымалдаушылар, жабдықтаушыларды және тағы да басқа серіктестерді таңдау туралы жүйелі шешімді күтеді.

Логистиканың жүйелік сипаты мен барлық логистикалық тізбек бойынша серіктестерімен келісім-шартты өз пайдасына қалыптастыруға көндіру есебінен ұтысқа жетуді көздейді. Бірақ тізбектің бір звеносында ұтысқа жеткенімен басқа звеносындағы жеңілісін теңестіреді. Ал жеңіліске ұшыраған звено барлық логистикалық тізбектің ұзақ мерзімді қалыптасуына қажетті мүмкіндіктерді құра алмайды.

Көптеген кәсіпорындарда мәмілені даярлауда қажетті көңіл аударылмайды, келісім-шарттарда

тәуекелді минималдау мен логистиканы оптималдау шарттары қарастырылмайды. Сатып алу туралы кейбір шешімдер сатып алынған тауарлармен, құрал-жабдықтармен жұмыс жасайтын қызметкерлермен кеңеспей басқарушылар тарапынан қабылданады. Нәтижесінде:

– жүк өңдеу, тасымалдау, құрылыс үшін машинаны жөндеу қызметкерлерімен келісімсіз жасалған материалды ағымды сатып алу мәселенің туындау көзі болып, мұндай көліктер үшін бөлшектер мен сервистің нарықта жоқ болуына әкеліп, шексіз шығынға ұрындырады;

– сұраныс тербелісін бақылап отыратын қорларды басқару қызметкерімен келіспестен максималды жеңілдікпен тауар санын асыра сатып алу шығынға ұрындырады, яғни барлық қорларды жүзеге асыра алмауы мүмкін және де ұзақ мерзімде сақтау шығындары мен оларды есептен шығару (жою) шығындары жеңілдіктен асып түсуі мүмкін;

– тапсырыс берушінің нұсқаулығының мұқиятсыздығы кезіндегі жеткізу жолда жүкті жоғалтуға, оны іздеу шығындарына, жеткізуді кешіктіргені үшін айыппұл төлеуге әкеліп соғады;

– сатып алу кезіндегі өзі алып кету, егер ол жүйелі түрде ұйымдастырылмаған болса, жабдықтаушылармен немесе тасымалдаушылармен жеткізуге қарағанда үнемі тиімдірек бола бермейді. Өйткені, әртүрлі маркалы автокөлік тұрағы мен персоналдарды қамтамасыз ету үшін туындаған мәселені шешу үшін (жол апаты, жүргізушінің тапшылығы т.б.) жоспарланған шығындар мен күтпеген жағдайда кеткен шығындар жеткізу төлемінен асып түседі.

Тауарлар мен оларды тасымалдаудың барлық ерекшеліктерін меңгерген логист мамандарсыз келісім-шарт жасау барлық тауарлардың бұзылуына әкеліп соғады. Әрбір кәсіпорын тауарлар мен қызметтерге тапсырыс беруші де, жабдықтаушы да болып табылады. Тапсырыс беруші үшін қажетті тауарды, қажетті уақытта, қажетті орында, қажетті көлемде, минималды шығынмен өз қызметтерін ұйымдастыра алған жабдықтаушымен жұмыс жасау тиімді болып табылады. Тек логистиканың құралдарын қолдану арқылы әрекеттердің рентабельділігін арттыруды қамтамасыз етуге болады.

Тапсырыс беруші мен жабдықтаушы арасындағы тауар қозғалысына әртүрлі логистикалық тізбектің көптеген субъектілері қатысады, мысалы:

– техникалық құралдар, көліктің барлық түрлерін жайғастыру мен коммуникация;

– кәсіпорынның қоймалық шаруашылығы, тауарларды қабылдаушы және жөнелтуші;

– брокерлік, агенттік фирмалардың материалдық-техникалық базасы;

– топтастыру, жинақтау және т.б. операцияларды жүзеге асыру үшін транспорттық-экспедиторлық компаниялардың құралдары мен қоймалары;

– контейнерлерді жалға берумен айналысатын лизингтік компанияның материалдық-техникалық базасы;

– ақпараттық-басқару жүйесінің техникалық құралдары;

– тасымалдау, қоймалау, ақпараттық және басқа да шаруашылық байланыстарды қамтамасыз ету кезінде туындаған әлеуметтік, құқықтық, ұйымдастырушылық, технологиялық және басқа да байланыстардың жиынтығы.

Жеткізу кезінде тауардың жолда болу мерзіміне әсер ететін жағдайлар болуы мүмкін, олар:

– тауарларды ауыстырып тиеу немесе ауыстырып тиеуді қажет етпейтін тасымалдаулар;

– тауарларды тасымалдаушы, кедендік немесе билік органдарының қоймаларында (көлік құралын арестқа алу) көлік құралымен сақтау (көліктің сынып қалуы немесе жолда бөгелуі кезінде).

Сонымен қатар, тауар саны мен сапасына да әсер ететін жағдайлар болады:

– тауарларды тиеу-түсіру манипуляциясы;

– кейбір тауарлардың шынайы кемуі (булануы, тартылуы, отырып қалуы т.б.);

– ерекше сақтау мен тасымалдауды қажет ететін тауар сапасының нашарлауы;

– тауарлардың бұзылуы мен ұрлықтардың мүмкін болуы;

– тауарлардың (вагондар, контейнерлер, жәшіктер) бұзылуы мен тиеу-түсіру операциялары кезіндегі орамдардың бұзылуы салдарынан тауарларды жоғалту;

– тасымалдаушы қоймасындағы жүктердің сәйкестендіруі мүмкін болмаған немесе тауарды басқа мекен-жайға жіберуге әкеп соққан, сапасыз немесе дұрыс таңбалануы салдарынан тауарларды жоғалту мүмкіндігі.

Логистиканы, тауар қозғалысы мен жүк машиналарын қуатты компьютерлік бағдарламалармен басқарудың дамуы логистика са-

ласына ауқымды өзгерістер әкеледі. Логистика нарық қатысушылары үшін факторларға сыни қарап, оның әрекеттері негізгі қарқынды күрделендіре түсті:

– өндіру циклін қысқарту мен ассортименттердің дифференциясының артуы салдарынан тауар наменклатурасын арттыру;

– тауарды жеткізу мен өндірістің әлемдік деңгейге жетуі;

– өзіндік құнның артуына қысым;

– экологиялық мәселелер мен реттеудің күшеюі (кері логистика үшін).

Қорытынды

Қалдықтарды жинап тасымалдаумен айналысатын фирмаларға қолданылған тауарларды қайтарумен айналысатын кері логистиканың рөлі және өндірістегі барлық кәсіпорындарға қойылған талап ретінде артып отыр. Келісімді даярлау мен сатып алу, логистика, сату, қойма, жөндеу қызметі бөлімдері мен бухгалтер, қаржы директоры, құқықтық-келісім-шарт бөлімдері айналысуы қажет. Тауарларды жөнелту, қабылдау, тасымалдауды тиімді ұйымдастыруға әсер ететін келісім-шарттарының екінші тараптағы агенттерінің келісімімен, сату немесе сатып алу бөлімдерінің қызметтерімен бірге жеткізушілер мен тұтынушылардың логистикалық қызметі қарастырылуы керек. Келісім жобасын келісімді орындау үшін жауапты қызмет бөлімдерінің басшылары тексеріп, қол қоюы керек. Келісім-шарттың соңғы нұсқасы бас бухгалтерге жіберіліп, ол өте маңызды құжаттар қоймасында сақталады. Егер келісімді орындау нәтижесінде кәсіпорынға материалды залал немесе моральді зақым тиген жағдай болса, онда келісімге қол қойған қызметкерлер келісімді сапасыз даярлағаны үшін қылмыстық немесе тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Егер келісімді бекіткен кезде қол қойған тұлға басқа қызмет бөлімдеріне ескертпестен өзгертулер енгізген болса, онда ол туындаған мәселелер үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Сондықтанда, кез келген кәсіпорын үшін тауар немесе ақпараттық ағымдар қозғалысының логистикалық тізбегін тиімді жүргізіп отыру үшін ең басты сатысы, келісім-шарт жасау үрдісінде туындайтын тәуекелдерді ескергені жөн.

Әдебиеттер

- 1 Волгин В.В. Логистические ловушки и решения в договорах. – 3-е издание. – М., 2014.
- 2 Гордон М.П., Карнаухов С.Б. Логистика товародвижения: учебник – 2-е изд. – 2001.
- 3 Гаджинский А.М. Логистика: учебник для бакалавров / А.М. Гаджинский. – 21-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2013.

References

- 1 Volgin V.V. Logisticheskie lovushki i reshenija v dogovorah. – 3-e izdanie. – M., 2014.
- 2 Gordon M.P., Karnauhov S.B. Logistika tovarodvizhenija: uchebnik – 2-e izd. – 2001.
- 3 Gadzhinskij A.M. Logistika: uchebnik dlja bakalavrov / A.M. Gadzhinskij. – 21-e izd. – M.: Izdatel'sko-torgovaja korporacija «Dashkov i K», 2013.